

# Егемен Қазақстан

**Міржақыптың туған ағасы Асқар Дулатов та саяси қуғын-сүргін  
құрбаны болған**

**Қасіреттің қаны тамған шенгелді кезеннің от бүркіуінен Дулатовтар шаңырағы  
үйітіліп, жойылғалы тұрды... Міржақып тағдыры белгілі...**



Шаңырағын жалғыз қызы Гүлнар ұстап қалды. Әкесі армандаған Тәуелсіздікті көріп, 97 жасқа қараған шағында өмірден озған Гүлнар апамның бір өкініші ішінде кетіп еді. Әкесінің туған ағасы Асқардың (1868-1933 ж.ж) Карелиядағы Майгуба лагеріне айдалғанын білгенімен, сүйегінің қайда қалғанынан бейхабар болатын. Тек атасының (туғанына биыл 150 жыл толды) 1991 жылы ақталғаны ғана қос ғасыр құрдасының жүрегінде шеме болып қатқан қайғыны сәл-пәл жібіткендей еді.

1934 жылы Міржақыптың әйелі Ғайнижамал баласы Әлібегін ертіп Сосновец лагерінде он жыл мерзім жазасын өтеп жатқан күйеуіне бара жатқанда Мәскеуде тұратын Әлихан Бөкейханов уайым мүжіген шаршаңқы жандарды темір жол вокзалында күтіп алып, бірер күн үйінде тынықтырып, қайыра шығарып салады. Жиналып жатқанда Әлихан: «Товарищ Гая, мынаны Міржақып шырағыма барған соң қажеттеріңе жұмсарсыңдар», деп Ғайни-

жамалдың қолына қалыңдау келген конвертті ұстатады. Асыл ағасының сәлемдемесіне разы болып толқыған Міржақып көз жасын көрсетпей сығып-сығып алса керек.

Сосновец стансасында Міржақып үй жалдап (сол үйді 1992 жылы байырғы тұрғын Н.Серегин көрсетіп, ішін аралап көргенбіз – Қ.Ә.) әйелі мен баласы үшеуі бір айдай мәресәре күй кешеді. Әрине күндізгі лагерь тауқыметінен титықтап оралса да сүйгені мен перзентінің қасында сәттік ғайып-бақытқа балқып, масайрап отырыпты. Құдай-ау, отбасының барлық қызығын елінің ертеңгі егемендігіне тәрк ете салған неткен жанкешті, нартәуекел жан еді. Жұбайымен сырласып, аса құпия әңгіме шертілген бір жолы былай ақтарылғаны бар Міржақыптың: «Сот мені 58-статьямен айыптап, он жылға кесті (алғашқы үкімде ату жазасына жатқызылған – Қ.Ә.), содан кейін көпшілік отырған камераға көшірді. Отырғандарға «ассалаумағалейкүм» бере кірдім, жұрттың ішінде көзіме ыстық болып түскен ол өзімнің Ақай әкем (туған ағасы Асқар Дулатовты осылай атаған – Қ.Ә.). Ақай әкем орнынан эзер тұрып, белін жазып келіп мені құшты, екеуіміз де балаша солқылдап жыладық. Ағамның мұнда отырғанын білген емеспін, қуанышымызда шек болған жоқ. Ақай әкем бұрынғыдай емес, қартайып, жүдеген. Маған мұңын шаққандай көңілі босап, көз жасын көпке дейін тыя алмады. Ақай әкемнің айтуынша, өзін менен кейін 1929 жылдың орта шенінде тұтқындапты, әр жерде ұстап осы Бутыркаға жеткізіпті. ...Кешікпей екеуімізді екі айырып жіберді. Мен Соловкиге жөнелтілдім, Ақай әкемнен содан бері хабарсызбын»...

Ғайнижамал бұл әңгімені өңі сұрланып, тілін тістелеп отырып тыңдайды да Міржақыптың өз ағасы туралы кейінгі деректерден хабарсыздығына көзі жеткен соң, өздеріне белгілі жайтты жайып салмасқа шарасы қалмайды. Асқар қайнағасының Бутырка түрмесінен Котлас қаласына жіберіліп, кейін сондағы түрмеден Соловкиге Мырзағазы Есполовпен бірге айдалғанын елге жолдаған хатынан білгендіктерін айтады. Сол сәтте Міржақып орнынан ұшып тұрып аһ ұрып «жанымда жүргенін сезсемші жан бауырымның!», деп өксік атып, жан дүниесімен қопарылып, жарылып кетердей буырқаныпты-ау! Осы әңгіме тұсында ерлі-зайыптыға белгісіз түйнектелген қаралы сырдың құлпы ешкімнің де қолында жоқ еді-ау! Қатыгез өмір шерлі жұмбағын өзінің ішіне ғана бүгіп тұрған! Сыбырлағандай болған қос мұңлықтың құлағына: «Асқардай ағаларың Майгуба лагерінде Мағжан Жұмабаевпен, Елдес Омаровпен бірге жазасын өтеп жүргенде мерт болған!». Қайдан сезсін?! Бәрі кейін белгілі болған жайт қой. Асқар Дулатов Міржақып інісінен екі жылдай бұрын 1933 жылы көз жұмған екен...

Асқар Дулатов бұрынғы Торғай облысы Жанкелдин ауданының Қызбел ауылында дүниеге келген. Сауатын ауыл мектебінде ашқан ол әрі қарай қазақша, орысша оқып, білімін өз күшімен толықтырады. 1918 жылға дейін Торғай уезінің биі қызметін атқарған. Кезінде патша үкіметі М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағын тәркілеп, оқуға тыйым салғанда Асқар бұл пасық пиғылдың үстемдік құруына жанын пида етерліктей болып қарсылық танытады. Кітапты жасырын түрде ел арасына таратып, мазмұнын насихаттап, қазақ жұртының марғау күйінен арылып, озық елдер қатарына қосылу мақсатында іс-әрекет қылуын уағыздайды. Мұндай белсенділігі, әрине, өміріне қауіп-қатер тудырамын сезсе де бетінен қайтпай, өршелене әрекет етеді.

Қазақстанда кеңестік билік орнағаннан кейін ол ауыл шаруашылығында жұмыс істеген кезінде де халықты білімге, кәсіпке, өнерге баулу мақсатынан ешқашан айнып көрмеген.

Күштеп ұжымдастыру тұсында, 1928 жылы А.Дулатовтың мал-мүлкі тәркіленіп, 1929-1932 жылдары Мәскеудегі Бутырка түрмесіне отырғызылады. 1930 жылы 4 сәуірде ол ату жазасына кесіліп, 1931 жылы 30 сәуірде бұл жаза 10 жылға бас бостандығынан айырумен ауыстырылады да, Карелиядағы Майгуба лагеріне айдалады. Сонда 1933 жылы қайтыс болады.

Асқар – Дулаттың алты баласының үлкені. Алғашқы әйелі Қадишадан – Ескендір, Тоты, Ботагөз және Айдар туса, екінші зайыбы Зәуреден – Хайдар, Қайым және Адай өмірге келеді. Мен осы кісілердің екеуін – Ботагөз бен Хайдарды көріп, етене жақындасып, соңғы демдері үзілгенше байланыста болған едім. Енді сол кісілер жайлы бірер сөз айтуға тура келіп тұр.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басына таман біздің Қызбелге Таран ауданы жағынан Ботагөз Асқарқызы келіп, бірер ай ел аралап, аунап-қунап қайтқаны бар. Еңбек демалысымда туған ауылыма келгенде көріп, кім екенінен хабардар болғанбыз. Бірақ Дулатовтарға қатысты жақ ашпайтын. Кейін Алтынсарин атындағы кеңшарда тұратын жақын інісі Әменов Хамиттің қолында болып, 1988 жылдың 17 ақпанында 80 жасында дүниеден өткен. 1992 жылдың қыркүйегінде Гүлнар апам Карелиядан әкелінген әкесінің мүрдесін Бидайық ауылына қайта жерлеген соң, елу шақырым жердегі Алтынсарин ауылына әдейі барып, Ботагөз апасының басына дұға оқып, тағзым еткенде қасында бірге жүрген едік. Ол кісі өзі өмірден өткеннен кейін Міржақып ағасының тоғыз айдан соң ақталатынын, ал әкесі Асқардың есімі араға үш жыл салып ақадал екендігі дәлелденетінін білмей кетті-ау! Тіршілік жан күйзелісінің шек-мөлшерін анықтауға кейде дәрменсіз болатынын осыдан-ақ байқауға болмай ма? Бірақ шындық атаулы түптің-түбінде бақилық болған жанның да рухын шалқытатынын місе тұтсақ, көңілге сол медет!

Облыстық «Қостанай таңы» газетінің 1992 жылғы 28 наурыздағы санында «Ботагөз – Міржақыптың немере қарындасы» деген мақала жарияладым. Оны жазуға Ботагөз апайдан қалған бір сурет себепкер болып еді. Сурет сыртына апай өз қолымен «Ботагөз, Галя, Нәзиқа, Ақмаржан, Роза. «Коммунизм жолы» газетінің («Қостанай таңының» бұрынғы атауы – Қ.Ә.) машинисткалары. 17.03.1957 ж.» деп жазыпты. Бұл кезде мен «Егемен Қазақстанның» Торғай облысы бойынша меншікті тілшісі едім, Арқалықта тұратындықтан апайға қатысты өзге деректер жиыстыра алмадым. Көнекөз кейбір журналистердің «Ботагөз жұмыс істеген, бірақ фамилиясы Бұралқиева болатын» дегені бар еді. Яғни шындыққа жанасады, апай күйеуінің фамилиясымен (Мұстафа Бұралқиев) жүрген боп шықты ғой.

Кейін білдік, Ботагөз Асқарқызы өз өміріне қатысты біраз деректерді жазып қалдырып кеткен екен. Ашып айтуға қорынған сол мол мұрасы арыстар ақталғаннан соң кәдемізге жарағанын осы апасынан жеті жас кіші Гүлнар Міржақыпқызы разылықпен мәлімдеген болатын. Ботагөз апай: «Өз әкем Асқар Дулатов ел ішінде беделі зор, жұрт сыйлайтын, оқыған кісі, ел басшысы, атқамінері болған. Біздің үйді «үлкен үй» дейтін. Әкеміз Торғай дуанының судьясы, яғни биі болып жұмыс істеді. Дуанға жүрерде арнайы тігілген киімін киетін, қос шынжырлы медалін (оны «знак» дейтінбіз) мойнына салатын, ұмытпай қызыл масаты қалташаға салынған мөрін алатын. Ауылдағы келіндері ол кісіні Би аға деп атайтын» деп жазған еді әкесі туралы кестелеп. Сондай-ақ Асқар әкесінің өз інісі Міржақыпты оқытып, тәрбиелеудегі орасан зор еңбегін де нақпа-нақ қағазға бедерлеп

түсіріп, оның бала күнінен бастап ержетіп саяси көзқарасы қалыптасып, қазағы үшін аянбай қам жеген кезеңдерін татымды таңбалағаны бүгінде тарихи аса маңызды құжатқа айналғанына сүйсінеміз.

Ал Ботагөз апайдың өзім жақсы біліп араласқан інісі Хайдар Дулатовтың (1913-1985) аузынан да тұшымды ешнәрсе естімеген едім. Үйде қонақ болып отырғанда «Алаш деген не өзі, не білесіңдер?» деп сыр тартады. Көзі суық жымияды, қара кісі еді, түрі одан бетер сұрлана түседі. Тілі күрмелетіндей ме? Сөйтсек артынан білдік қой, Дулатовтарға зауал төнгенде, он бес жасар Хайдарды да басқа туыстарымен бірге Қиыр Шығысқа айдап жіберген екен. Хайдар аға алғаш көріскенде маған өз шешесі Зәуренің біздің жақын апамыз болатынын айтып, туыстық мейіріммен баурап, сыйлас араластыққа пейіл көрсеткен. Ал Дулатовтарға қатысты жұмған аузын ашпай кетті. Бүгіндері Хайдар ағаның ұрпақтары өсіп-өнген, еліне қалтқысыз қызмет етуде.

Асқарға қатысты Гүлнар апамның әңгімелерін ой елегінен өткізе бастағанымда, ол кісінің 1989 жылы Мағжан Жұмабаевтың зайыбы, 96 жастағы Зылиқамен Алматыда кездесіп сыр ақтарыстырғаны санама оралды. Майгуба лагеріне Мағжанын іздеп келіп, қауышқан Зылиқаға бір күні ері бұрын Ташкентте бірге тұрған Алаш арысы Елдес Омаровты ертіп келіп таныстырады. Келесі күні қазақтың бір ақсақалын: «Бұл – Асқар Дулатов, Міржақыптың, өзіміздің Жақанның туған ағасы», деп төрге оздырып ет асып, қонақ етіп сыйлайды. Сонда қоштасарда мейманының айтқан сөзін Зылиқа апай дәлме-дәл етіп Гүлнар сіңілісіне айтып береді. «Қалқам, менің қазақтың өзіңдей әйелін көріп тұрғанымның алды-арты осы болар, елге жете алар түрім жоқ, қош, ел-жұртқа сәлемімді жеткіз», деп маңдайынан сүйіпті. Атасының аманат сөзін енді естіген Гүлнар көз жасына ерік беріпті.

Гүлнар Дулатова 1925 жылы Асқар атасының Қызылордаға келгенін (Міржақып інісіне енші ретінде жасаттырған алты қанатты отау киіз үйді екі түйеге теңдеп, өздері салт атпен жүріп, желтоқсан айында жеткен – Қ.Ә.) былайша суреттеп жазғаны бар еді: «Бір кезде жастыққа шынтақтай жатқан Ақай әкесіне әкем жақынырақ жылжып барып, бір түрлі жас баладай еркелеген сыңайын байқап қалдым. Көңіліме: «Папамның мұнысы қалай? Үлкен адамдардан да балалық, еркелік мінез шығады екен-ау», деп таңғалып, әлгі қылығын кәдімгідей ыңғайсыз көрдім. Енді ойласам, Асқар әрі аға, әрі әкедей тәрбиелеп өсіргендіктен, жас жағынан он жеті жылдай үлкендігі бар (екеуінің аралығында екі апа, бір аға), өзі кенже бола тұрып неге еркелемесін, онысы заңды деп санаймын, еш сөкеті жоқ екенін енді ғана түсінгендеймін. Қырықтағы Міржақыптың бойында сол қасиеттің сақталып қалуы қандай тамаша!»

...Қайран да қайран есіл ерлер! Асқар мен Міржақып! Дәмеш ананың төсін түрткілеп алты бауыр өскен-ді. Осы қос қошақан Дулат әулетінің ғана емес, бүкіл қазақ қоғамының бетке ұстар ұлдары, біртуар тұлғалары болып қалыптасқанына мына тарих куә! Бір ұяда қанаттанды, бір түрмеде азаптанды, Карелия жерін екеуі де жастанды... Ағасы сонда қалды, інісі елге оралды... Тағдырлары әрі тарпаң, әрі азалы! Мәңгілік мақтан тұтар бар қазағы!

Қайсар ӘЛІМ

Қазақстан Журналистика академиясының академигі